

ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары (16.09.2019 ж. – шағын ГЭС)

ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймағы үшін шағын ГЭС жобаларын іріктеу бойынша белгіленген жиынтық қуаты 5 МВт бар аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде үш қатысушы тіркелді.

Сауда сессиясына екі қатысушылар жіберілді, бір қатысушы аукциондық сауда-саттықты өткізу бойынша аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметтерін төлемеу себебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілмеді.

Осы ЖЭК түрі бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес уәкілетті орган – ҚР Энергетика министрлігі еркін жер учаскелерін және электр желісіне қосылу нүктелерін бермеген.

Ағымдағы жылы қабылданған аукциондық сауда-саттық қағидалардағы өзгерістерге байланысты, аукциондық сауда-саттыққа қатысу мақсатында сауда сессиясына жіберілген қатысушылар ұйымдастырушының сауда жүйесінде тіркелу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген жер учаскелерін және электр желісіне қосылу нүктелерін ұсынды. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген жобалардың жеке қуаты 2,5 МВт және 4,5 МВт құрады. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген компаниялар – Қазақстан өкілдері.

2019 жылы ГЭС жобалары бойынша шекті тарифі 2018 жылғы аукциондық сауда жеңімпазының ең жоғары тарифіне тең және 15,48 тг/кВтс құрайды.

Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 14-00-де ашылды.

Сауда сессиясы барысында қатысушылар 2 өтінім берді. Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарын анықтау үшін 60 минут қажет болды. Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 15-00-де ашылды.

Аукциондық сауда-саттық қағидаларына сәйкес аукциондық бағаларды есептеу және аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпаздарын анықтау үшін екі шарт орындалды:

1) осы аукцион бойынша белгіленген қуатқа сұраныстың жиынтық көлемі 5 МВт құрады, қатысуға өтінімдердің белгіленген қуатының жиынтық көлемі 7 МВт немесе белгіленген қуатқа сұраныс көлемінің 140% құрады;

2) сауда жүйесінде тіркелген және тиісті аукциондық сауда-саттыққа жіберілген қатысушылардың саны – екі.

16.09.2019 ж. белгіленген қуаты 5 МВт бар шағын ГЭС жобалары – аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

1) «Шет-Мерке - Energo» ЖШС - 15,43 тг/кВтс бойынша 2,5 МВт, Алматы облысы Райымбек ауданы Тоғызбұлақ кентіне жақын орналасатын болады;

2) «Жетісу Жер АБС» ЖШС - 15,48 тг/кВтс бойынша 4,5 МВт, Алматы облысы Райымбек ауданы Саты кентіне жақын орналасатын болады.

Аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша аукциондық сауда-саттық қағидаларының 55-тармағына сәйкес сатып алынатын қуаттың жиынтық көлемі 5 МВт-тан 7 МВт-қа дейін ұлғайтылды.

Аукциондық бағаның орташа шамасы 15,46 тг/кВтс құрады. Шекті тарифке қарсы аукциондық тарифтің орташа төмендеуі 0,02тг/кВтс немесе 0,1% құрады.

Шағын ГЭС жобалары бойынша аукциондық бағаның орташа шамасы (белгіленген қуат жобалары 0,1-ден 10 МВт-қа дейін қоса алғанда) 2018 жылы 13,34 тг/кВтс құрады. 2019 жылғы аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша анықталған шағын ГЭС бойынша орташа аукциондық бағаның мәні 2018 жылға қарағанда 15,9%-ға жоғары.